

С.И. РУСТЕМОВА¹, Қ.Е. ЕРАЛИН²¹PhD докторант, e-mail: rustemova.saltanat@okmpu.kz²педагогика ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: Kuandik@okmpu.kz^{1,2}Ө. Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.)**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ЗАМАНАУИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТУЫНДЫЛАРЫН
ТАЛДАУҒА ДАЙЫНДАУ**

Аңдатпа. Мақалада заманауи бейнелеу өнерімен айналысатын Қазақстан суретшілері Молдақұл Нарымбетов, Сәуле Сүлейменова, Алмагүл Меңлібаеваның туындылары қарастырылды. Болашақ мұғалімдер үшін бейнелеу өнері түріне жататын шығармаларды сабақта талдау, жасау жолдарын қолдану туралы айтылды. Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Теориялық әдіс бойынша сабақтар, оқу құралы мен жинақтардан көркемдік және салыстырмалы талдау жүргізілді. Эмпирикалық әдіс бойынша заманауи бейнелеу өнерінің фотоарт, бейнеарт, инсталляция түсініктеріне қатысты студенттерге арнап 11 сұрақтан тұратын сауалнама дайындалды. Осы сұрақтарға студенттер зерттеудің бірінші кезеңі мен соңғы кезеңіндегі берген жауаптарының көрсеткіштері салыстырылып, қорытынды математикалық статистикалық әдіспен шығарылды.

Зерттеу барысында оқытушының студенттерді бейнелеу өнерімен таныстырудың бірнеше әдістері қолданылды: мұражайға бару, көрмелерге қатысу, дәрістер мен әдебиеттерді оқу, онлайн-курстар ұйымдастыру, шеберлік сыныптарға қатысу, суретшілермен және көрме жетекшісімен сұхбат алу, өнердегі әртүрлі бағыттарды зерттеу, сыни ойлау мен талдауды үйрету. Осы әдістерді меңгергеннен кейін студенттердің заманауи өнер туралы түсініктері артып, нәтижесінде сапасы жоғары көрсеткіштерге ие болды. Мақаланың мақсаты болашақ мұғалімдерді заманауи бейнелеу өнерінің туындыларын талдау арқылы өнер туралы терең түсінік беруді үйрету жолдарын зерттеу болған. Мақаланың өзектілігі қазіргі уақытта дамып келе жатқан фотоарт, бейнеарт, инсталляция туралы ақпараттар беру әдістерін зерттеу болған. Бейнелеу өнері үнемі даму үстінде болатынын, жаңа технологияның пайда болуы мен оны тану әдістері сипатталған.

Кілт сөздер: бейнелеу өнері, заманауи бейнелеу өнері, талдау, фотоарт, бейнеарт, инсталляция.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Рустемова С.И., Ералин К.Е. Болашақ мұғалімдерді заманауи бейнелеу өнері туындыларын талдауға дайындау // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 529–541. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.309>

***Cite us correctly:**

Rustemova S.I., Eralin K.E. Bolashaq mugalimderdi zamanau beineleu oneri tuyndylaryn taldauga daiyndau [Preparation of Future Teachers for the Analysis of Works of Modern Fine Art] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – Б. 529–541. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.309>

Мақаланың редакцияға түскен күні 07.10.2024 / жарияланған күні 30.12.2025

S.I. Rustemova¹, K.E. Yeralin²¹*PhD Doctoral Student, e-mail: rustemova.saltanat@okmpu.kz*²*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, e-mail: Kuandik@okmpu.kz*^{1,2}*O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University (Kazakhstan, Shymkent)***Preparation of Future Teachers for the Analysis of Works of Modern Fine Art**

Abstract. The article examines the work of Kazakhstani contemporary artists Moldakul Narymbetov, Saule Suleimenova, and Almagul Menlibayeva, who are engaged in contemporary fine art. For the training of future teachers, the article discusses how methods of analyzing works belonging to this type of fine art can be applied in the classroom. Classes focusing on theoretical approaches as well as artistic and comparative analyses of textbooks and exhibition catalogs were conducted. Within the empirical framework, 11 questions related to the concepts of contemporary fine art, photo art, video art, and installation were developed for students. The results of students' responses at the initial and final stages of the study were compared, and statistical analysis was used to draw quantitative conclusions.

During the research, the teacher employed a range of instructional methods to familiarize students with contemporary fine art, including museum visits, participation in exhibitions, lectures and guided reading, organization of online courses, participation in master classes, interviews with artists and exhibition managers, exploration of various artistic fields, and the development of critical thinking and analytical skills. By mastering these methods, students gained a deeper understanding of contemporary art and demonstrated improved academic performance. The purpose of the article was to explore effective ways of teaching future educators to develop a profound understanding of art through the analysis of contemporary fine art works. The relevance of the article lies in examining emerging approaches to presenting information about photo art, video art, and installation, reflecting the fact that visual art is constantly evolving, with new technologies and modes of interpretation continually emerging.

Keywords: fine art, contemporary fine art, analysis, photo art, video art, installation.

С.И. Рустемова¹, К.Е. Ералин²¹*PhD докторант, e-mail: rustemova.saltanat@okmpu.kz*²*доктор педагогических наук, профессор, e-mail: Kuandik@okmpu.kz*^{1,2}*Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова
(Казахстан, г. Шымкент)***Подготовка будущих учителей к анализу произведений
современного изобразительного искусства**

Аннотация. В статье рассматривается творчество казахстанских художников Молдакула Нарымбетова, Сауле Сулейменовой, Алмагуль Менлибаевой, занимающихся современным изобразительным искусством. В ходе исследования были использованы теоретические и эмпирические методы. Для будущих учителей упоминается, как использовать на уроках методы анализа произведений, относящихся к данному виду изобразительного искусства. Проведены занятия по теоретическому методу, художественный и сравнительный анализ учебного пособия и каталогов. По эмпирическому методу для студентов было составлено 11 вопросов, связанных с понятиями современного изобразительного искусства, фотоарта, бейнеарта, инсталляции. Результаты ответов студентов на эти вопросы на первом и последнем этапах исследования были сопоставлены и сделан вывод математическим статистическим методом.

В ходе исследования преподаватель использовал несколько методов ознакомления учащихся с изобразительным искусством: посещение музея, участие в выставках, чтение лекции и литературы, организация онлайн-курсов, участие в мастер-классах, получение интервью у художников и руководителей выставки, изучение разных направлений в искусстве, обучение критическому мышлению и анализу. Освоив эти методы, студенты получили более глубокое понимание о современном искусстве и в результате получили высокие показатели. Целью статьи было изучение способов формирования у будущих учителей умения передавать глубокое понимание искусства через анализ произведений современного изобразительного искусства. Актуальность статьи заключалась в исследовании развивающихся в настоящее время методов подачи информации о фотоарте, бейнеарте и инсталляции. Описано, что изобразительное искусство постоянно развивается, появляются новые технологии и методы его распознавания.

Ключевые слова: изобразительное искусство, современное изобразительное искусство, анализ, фотоарт, бейнеарт, инсталляция.

Кіріспе

Қазақстанның бейнелеу өнері өзінің тарихи жолында күрт серпіліс жасауда. Бұл эволюциялық даму отандық өнердің әлемдік бейнелеу өнерінің бір бөлшегі болуға мүмкіндік туғызады [1, 196-б.]. Өз-өзін көрсетудің жаңа тәсілдерін іздеу нысандардың ішінара материалсыздануына әкеледі. Сондықтан пластикалық өнерінің тілін өзгерту – бұл қазіргі әлем түсінігімен анықталатын өмірлік шындықтың өзгеруіне табиғи әсері [2, 149-б.]. Басынан бастап кескіндеме мен мүсінге қандай да бір түрде әсер еткен ғылыми көзқарастар болуы тиіс [3, 9-б.]. Бейнелеу әдістерінің дамуы арқасында заманауи бейнелеу өнерінің түрлі абстрактілік бағыттары пайда болды. Заманауи бейнелеу өнеріндегі сценографиялық өнердің дамуы жалғастырылды және оның түрлері жаңа серпін алды, мәдениеттің инновациялық пішіндері табысты дамып келеді, олар: инсталляция, перформанс, орта дизайны, көрнекі өнер, фотоарт [4, 135-б.].

Өнермен қарым-қатынас – бұл адаммен, оның әлемімен, шындықты қабылдауымен, дүниетанымымен қарым-қатынас [5, 373-б.]. Өнер адамдары әрқашан біріншілердің қатарында өз заманының мәдени және технологиялық серпілістеріне жауап берді және олар бірнеше ондаған жыл бұрын цифрлық мүмкіндіктермен тәжірибе жасай бастады [6, 2-б.]. Мәдениет нысандарындағы цифрлық технологиялардың даму үрдістері, Қазақстанның өнері мен білімін С. Исалиева, Н. Байбекова, С. Қаржаубаева, А. Көпбасарова сынды ғалымдардың еңбектерінен көрінеді [7, 98-б.].

Заманауи бейнелеу өнері дегеніміз – бұл да кескіндеме, мүсін, кескін, сәндік-қолданбалы өнер сияқты, бірақ көрермендерге басқа қырынан көрсетілген өнер түрі. Заманауи әлем мен заманауи өнердің суретін заманауи деп атауға болады [8, 58-б.]. Осы секілді анықтамалардың түрлері көп, бұл туралы көптеген пікірталастар бар. Олардың барлығы дұрыс болуы мүмкін, өйткені «өнер» ұғымын әркім әртүрлі түсінеді [9, 150-б.]. Заманауи бейнелеу өнерінің ерекшелігі оның барлық бағыттағы көріністерінің жаңашылдығында, бұл тарихымыздағы жаңа кезеңге айналады. Сондықтан қазіргі уақытта болашақ мұғалімдерді заманауи бейнелеу өнерін талдауға даярлап үйрету керек, өйткені заманауи бейнелеу өнері - өзекті мәселелерді қамтитын өнер түрі. Заманауи бейнелеу өнері жыл өткен сайын технологиясы мен бағыты көбейіп, стиль түрлері артып келеді, сондықтан біздің зерттеу нысанымыз инсталляция, бейнеарт және фотоарт түрлері. Өйткені бұл – қазіргі бейнелеу өнеріндегі кең көлемде ең көп тараған өнер түрлері. Жоғары оқу орындарда дәстүрлі бейнелеу өнерін үйрену үшін болашақ мұғалімдерге композиция, академиялық

кескіндеме, академиялық сурет, сәндік-қолданбалы өнер секілді арнайы пәндер өтіледі. Бірақ заманауи өнер түрлеріне қатысты пәндер өтілмейді. Кітапханаларда заманауи бейнелеу өнері туралы әдебиеттер де өте аз кездеседі, көбінесе жинақ немесе альбом түрінде ұшырасады. Сондықтан да заманауи бейнелеу өнері түрлерін болашақ мұғалімдер көшеде ұйымдастырылған инсталляциялардан, заманауи мұражайлардан, галереядан немесе интернет пен әлеуметтік желілерден ғана көре алады. Заманауи бейнелеу өнері туралы қазақ елінің өнертанушы ғалымдары: М. Жұмағұлова, Ж.Н. Шайгозова, Е. Резникова, В. Ибраева, Ресей өнертанушылары В. Назанский, А. Постригай, Х. Сюзи, М. Горбунова зерттеуге үлес қосты. Сонымен қатар заманауи бейнелеу өнерінің шығармашылық бағытын дамытуға Сәуле Сүлейменовна, Алмагүл Меңлібаева, «Қызыл трактор» атты шығармашыл топтың мүшелері Сергей Маслов, Қуаныш Базарғалиев, Ербосын Мельдібеков, Қанат Ибрагимов, Виталий Симаков, Молдақұл Нарымбетов, Саид Атабеков, Арыстанбек Шалбаев, Смаил Баялиев суретшілер өз үлестерін қосқан.

Зерттеу барысында осы суретшілердің арасынан Молдақұл Нарымбетовтың, Сәуле Сүлейменованың, Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылық туындылары іріктеп алынды. Болашақ мұғалімдерге суретшілердің жұмыстарының ерекшелігімен, өзектілігімен, жасалу технологиясымен, идеясымен таныстырылды. Өйткені заманауи бейнелеу өнері өзінің стилімен және қолтаңбасымен ерекшеленеді. Сонымен қатар көп қырлы, оны әдеттегіден тыс дәстүрлі емес немесе қалыптан тыс шығатын нәрсе ретінде қабылдауға болады. Бұндай суретшілердің туындылары бізді шабыттандырады және олардың авторларының күмәндануға және мағынаны іздеуге деген еріксіз бейімділігінің арқасында бізді баурап алады [10,11-б.]. Молдақұл Нарымбетовтың, Сәуле Сүлейменованың, Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылық туындылары туралы өнертанушылар мен көрме жетекшілерінің көптеген сұхбаттар мен пікірлерді және мақалаларды интернет желісінен көре аламыз. Олардың әрбір туындысының өзі белгілі бір мәселені қозғайды және оқытушы осы мәселелерді сабақ барысында атап көрсетті.

Болашақ мұғалімдер заманауи бейнелеу өнерінің туындыларын көркемдік талдау арқылы қазіргі уақытта болып жатқан қоғамдық экологиялық және саяси мәселелерді көрсетеді. Әр елдің заманауи бейнелеу өнері бағытында жұмыс жасайтын суретшілердің стилі мен өзіндік бағыты анықталды. Мысалы, Қазақстанның заманауи бейнелеу өнеріне келер болсақ мұнда көбінесе елдің тарихы, ондағы өткен оқиғалары, Кеңес одағындағы саясаты мен экология туралы, қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық нақышты қосып заманауи бейнелеу өнеріндегі жаңа туындыларға талдау жасалды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу барысында екі әдістер теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Теориялық әдіс бойынша болашақ мұғалімдерді заманауи бейнелеу өнерін көркемдік талдауға дайындау үшін заманауи бейнелеу өнерінің тарихы туралы білімдер берілді. Заманауи бейнелеу өнері бағытында жұмыс жасайтын суретшілердің шығармашылық туындылары туралы жалпы түсінік ұсынылып, көркемдік өлшем бірліктері талданды.

Сабақта студенттерге заманауи бейнелеу өнері туындыларын талдауға дайындау үшін заманауи бейнелеу өнері шығармалары туралы, олардың мағынасы мен идеясы туралы терең білім алу үшін өнер туралы жазылған ғалымдардың кітаптары мен мақалаларына және соңғы зерттеулерге талдау жасалды. Тәжірибелі оқытушы-профессорлардың өткізетін заманауи бейнелеу өнері және өнертану бойынша арнайы курстар ұйымдастырылды. Әртүрлі заманауи өнер бағытында салынған суреттер талданды. Мұғалімдер әртүрлі техникамен, стильмен салынған заманауи өнер туындыларын тандап, олардың мағынасы мен көркемдік тәсілдері ашылды.

Болашақ мұғалімдер заманауи бейнелеу өнеріне көркемдік талдау жасаған кезде ең бірінші әртүрлі инсталляция, фотоарт және бейнеарт секілді өнер туындыларын алып бұлардың әрқайсысын ажыратып, түсінік берілді. Өнер туындылардың әртүрлілігі оларға түрлі көркемдік техникалар мен тәсілдеріне мәліметтер берілді. Өнер туындыларының тақырыбы, мағынасы, композициясы, түстік шешімі, орындау технологиясы, ұқсастықтары мен айырмашылығы, жаңашылдығын сипаттауға жаттықтырылды. Заманауи бейнелеу өнері туындыларының түрлерін және осы бағыт бойынша жұмыс жасайтын атақты суретшілердің шығармалары білімгерлерге таныстырылды. Эмпирикалық әдіс бойынша студенттерден заманауи бейнелеу өнері туралы сауалнама алынды.

Талдау мен нәтижелер

Эксперимент үш кезеңде өтті. Бірінші кезеңде Шымкент қаласындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде 2023-2024 жылдар арасында өткізілді. Зерттеу барысында эмпирикалық тәсілдің ішінде сауалнама әдісі қолданылды. Оған педагогикалық білім беру бағдарламасында оқитын 110 студент қатысты. Студенттерге алдын ала 11 сұрақтан тұратын сауалнама дайындалды, олар композиция, түстік шешім, идеямен орындау шеберлігін қамтыды. Заманауи бейнелеу өнерінде жұмыс жасайтын суретші Молдақұл Нарымбетовтың, «Скарабей қоңызы» инсталляциясы, Сәуле Сүлейменованың «Желтоқсан. Қазақ жастарының өрлеуі. Желтоқсан 1986 жыл» фотоарты, Алмагүл Меңлібаеваның «Құрбан» 2009 бейнеарты көрсетілді. Осы туындыларға байланысты студенттерге арнап төмендегі сұрақтар құрастырылды.

- заманауи бейнелеу өнерінің түрлері мен бағыттарын атаңыз?
- заманауи бейнелеу өнеріне жататын туындылардың стилін сипаттаңыз?
- заманауи бейнелеу өнеріне жататын туындылардың түстік шешімімен шығармашылық идеясы қандай?
- заманауи бейнелеу өнеріне жататын туындылардың мағынасын ашып беріңіз?
- заманауи бейнелеу өнеріне қандай туындылар жатады және олардың ерекшелігі неде?
- инсталляция, фотоарт және бейнеарт шығармашылық туындылары көбінесе қандай тақырыптарды қамтиды?
- инсталляция, фотоарт және бейнеарт шығармашылық туындылардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?
- заманауи бейнелеу өнеріне жататын туындылардың жаңашылдығы неде?
- заманауи бейнелеу өнеріне жататын туындылардың өзектілігін атаңыз?
- заманауи бейнелеу өнері бағытта айналысатын Қазақстан суретшілері мен олардың идеясы?

- заманауи кескіндеменің көркемдік өлшемдерін көрсетіңіз.

Осы сауалнамаға жауап беру арқылы болашақ мұғалімдер заманауи бейнелеу өнерінің түрлері мен ерекшеліктерін біле алады және сол бағытта айналысатын суретшілермен танысып қана қоймай, олардың қазіргі уақытта қозғайтын өзекті мәселелері мен тақырыптарын меңгере алды. Екінші кезеңде талдауға дайындауға бағдарланған жоспар дайындығының дәріс сабақтары ұсынылды. Заманауи бейнелеу өнерінің қыр-сырлары, жасалу жолы мен материалдарын жетік меңгерді. Осы өнердегі пайда болған бағыттары мен тенденцияларын көре алуға жаттықты. Инсталляция, фотоарт және бейнеарт саласындағы туындыларды салыстырмалы түрде көркемдік талдауды үйренді:

- Инсталляция, фотоарт және бейнеарт саласындағы туындылардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын терең меңгерді.

- Болашақ мұғалімдер көркемдік талдауды жазбаша және ауызша талдауды үйреніп, сабақ уақытында презентация мен пікірталастар өткізілді.

Болашақ мұғалімдерді заманауи бейнелеу өнері туындыларын талдауға дайындау бірнеше әдістер кірістірілді. Бірінші ХХ және ХХІ ғасырдағы заманауи бейнелеу өнерінің негізгі ағымдары мен бағыттары бойынша теориялық сабақтар жүргізілді. Сонымен қоса сабақта «Грани реализма: каталог», «Ғасырлар тоғысындағы Қазақстанның көркем өнері» жинағы, «Суретші Асан Байназаровтың кескіндеме туындыларын көркемдік талдау» атты оқу құралы қолданылды, сонымен қатар заманауи бейнелеу өнерімен айналысатын танымал суретшілерімен таныстырылды. Сабақта талдау әдістері қосылды: заманауи бейнелеу өнерін көркемдік талдаудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері, ресми талдау, семиотикалық талдау, психологиялық тұрғыдан талдау қарастырылды. Практикалық сабақтар жүргізілді: болашақ мұғалімдердің нақты заманауи бейнелеу өнерінің шығармашылық туындыларын көркемдік талдауға арналды. Бұнда талқылау, презентациялар, топтық жобаларды сараптау қарастырылды. Одан соң оқытушы студенттермен бірге Шымкент қаласындағы «Облыстық бейнелеу өнері мұражайы», «Түркістан облыстық тарихи өлке тану мұражайы», «Алтын Орда» көркем галереяға көрнекі арт-сауаттылықты арттыру үшін экскурсия жасады. Оқытушы сабақта технологиялардың интеграциясын қолданды: Алматы қаласындағы «Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайына» виртуалды мұражай әдісі қолданылды [11, 353-б.]. Заманауи өнерді көркемдік талдауда Coursera платформасындағы «Заманауи өнер дегеніміз не?» және «Өнер және идея: тақырыптарды қосып оқыту» курстары мен оқыту қосымшалары негізінде компьютерлік технологиялар қолданылды. Болашақ мұғалімдердің көрнекі арт-сауаттылықты дамытуға назар аударылды: студенттерге заманауи бейнелеу өнері туындыларының жасалу жолын түсіну үшін және осы тақырыпқа қызығушылықты арттыру мақсатында оқытушы сабақта әр студентке түрлі материалдарды қолдана отырып, бір туындыны жасап шығаруға және сол туындыға тақырып беруді ұсынды. Сонымен қоса әр жасалған туындыға студенттерге презентация жасауға тапсырма берілді. Презентацияда әр студент өз туындысының жасалу жолымен, идеясымен, көркемдік өлшемдерімен және ондағы қозғалатын мәселелермен таныстырып өтуге тапсырмалар берілді. Оқытушы әр студентке жұмыстарды орындауына бір семестр уақыт берді. Берілген шығармашылық жұмыстарды презентациямен қоса алғанда, студенттер бір семестрдің ішінде аяқтап бітті. Әр студент өз жұмысын оқытушы алдында жақсы қорғап шықты. Соңында заманауи бейнелеу өнері бағытында жасалған туындылардан студенттер оқытушымен бірге университет ішінде «Рухани жаңғыру» атты көрме өткізді. Осындай шығармашылық туындыларды жасау арқылы оқытушы студенттердің сыни ойлауды қалыптастыруға және өнерге деген қарым-қатынас пен пікірталасты дамытуға ынталандырды. Бұл болашақ мұғалімдерге өзінің көзқарасын жеткізуге және заманауи бейнелеу өнері туындыларын түсінуге көмектесті. Сонымен қоса болашақ мұғалімдердің заманауи бейнелеу өнерін терең және жан-жақты түсініктерін дамытуға негіз бола алады және студенттердің жақсы білім алуына ықпал етеді.

Бірінші кезде оқытушы еш түсіндірместен заманауи бейнелеу өнерімен айналысатын суретші Молдақұл Нарымбетовтың «Скарабей қоңызы» атты инсталляциясы, Сәуле Сүлейменованың «Желтоқсан. Қазақ жастарының көтерілуі. Желтоқсан 1986 жыл» фотоарты және Алмагүл Меңлібаеваның «Құрбан» 2009 атты бейнеарты деген туындыларды көрсетті. Мұнан соң студенттерден 11 сұрақтан құрастырылған сауалнама алынды. Студенттер сауалнамада нашар жауап берді. Оқытушы студенттердің қанша уақытта жауап беретініне назар салып отырды. Студенттер сауалнамаға жауап беру үшін екі сабақ отырды, уақыт көп кетті және жауаптары тым қысқа болды. Сұрақтардың көбі жауапсыз қалды. Содан оқытушы суретшілердің заманауи бағытта жасалған шығармашылық туындылардың композициясын, түстік шешімін, идеясын, орындау шеберлігі мен жанашылдығы туралы презентация мен бейнесабағын көрсетіп, түсіндіріп береді. Сабақ түсіндіру барысында заманауи бейнелеу өнерінде әлеуметтік және экологиялық мәселелерді қозғағаны туралы айтылды. Бұл

студенттерге Қазақстан өнертанушысы Мария Жұмағұлованың суретші Сәуле Сүлейменова туралы «Зар болды халқым: о чѐм говорят работы Сауле Сулейменовой» атты мақаласын көрсетті, онда әлеуметтік тақырыптар және шындықтың ең күрделі және ауыртпалықтарының бірі ретінде халықтың қиын жағдайы суреттелді. Туындыда сезімнің өткірлігі, қазіргі шындықта өмір сүрудің антагонизмі, «эмоционалды әткеншек» амплитудасы қазіргі заманауи өнер механизмдері арқылы жеткілікті түрде берілуі мүмкін делінген [12].

Сонымен қатар оқытушы заманауи бейнелеу өнерімен айналысатын суретші Сәуле Сүлейменова өзінің жұмыстарында пакет технологиясын қолданатынын атап көрсетті. Бұл жерде суретші фотосуреттерді пакет технологиясымен араластырып өзінің шығармашылық туындыларын одан да әсерлі жасап, көрермендердің көңіліне тереңнен эмоция сыйлауға тырысты. Оның жұмыстарының көбі халықтың басынан өткен қиын тарихы бейнеленді. Оқытушы суретші жұмыстарының ішінен халықтың басынан өткен ашаршылық пен «Желтоқсан оқиғасы» және «Қанды қаңтар» туралы жасалған сериялық жұмыстарды көрсетті. Суретші өз жұмыстарында халықты қорғансыз пенде ретінде көрсеткісі келді. Осындай өнер туындысын тудырушы әрқашан мағынаны жасаушы болып келеді [13, 145-б.]. Суретші халықты қолдау арқылы жерімізді, елімізді сақтап қалу керектігін айтады.

Оқытушы студенттерді келесі заманауи бейнелеу өнерінің жолын ашқан және оның биік деңгейіне жеткен қазақстандық суретші Молдақұл Нарымбетовтың шығармашылығымен таныстырды. Ол инсталляция жұмыстарын автокөлік дөңгелектерінің резеңкелерінен жасап шығарды. Суретшінің «Қара періште», «Балбалдар», «Аруақтың түсі» және т.б. жұмыстарын көрсетті. Владислав Слудский мен Роза Абенова «Сон Аруаха» атты мақаласында суретші жолы әрқашан оңай еместігін сипаттады. Осылайша, суретші Молдақұл Нарымбетов білім кітапханасына және көрмеге арналған өзінің ерекше көркем тілін қалдырды [14]. Әу бастан-ақ өнер мәдениеттің аксиологиялық баюына ықпал етті, оның құрамдас бөлігі болды және жиі тұлға ретінде әрекет етті [15, 15-б.]. Демек, суретші өзінің заманауи бағытында жасаған жұмыстарын халыққа мұра ретінде қалдырды. Оқытушы оның жасаған қайталанбас техникасы біздің елде ғана емес, шетелдерді де таң қалдыратынын атап өтті.

Оқытушы ендігі заманауи бейнелеу өнерінде бейнеарт бағытында жұмыс жасаған суретшілердің бірі Алмагүл Меңлібаевамен таныстырды. Бұл суретші көбінесе өзінің бейнеарт жұмыстарында қыздың бейнесін ұлттық нақышпен үйлестірді, оған киіз үй немесе қазақтың дәстүрлі киімдерімен және кішкентай баланы бейнеледі. Суретшінің бейнеарт бағытындағы шығармашылық туындылары бір-біріне ұқсас емес, ол жұмыстарында жайлауды немесе сәулеттік ғимараттарды қолдануға тырысты, оның еңбектерінде белгілі бір уақыттың және бейнелейтін заттардың шектеуі жоқ. Осындай заманауи технологияның дамуы адамзатты табиғатқа деген ерекше көзқараста – оны жәй ғана бәсең түрде емес, белсенді түрде болуға үйретеді [16, 9-б.]. Меңлібаеваның жұмыс әдісі әлем, мәдениет пен дәуір арасындағы сөзсіз диалогтарға негізделді, ол кеңестік дәуірге дейінгі, исламға дейінгі, бақсылық және дервиштік мәдениеттердегі әйел рөліне ерекше назар аударды [17]. Алмагүл Меңлібаеваның жұмыстарында басты кейіпкер ретінде әйел бейнесін ерекше тұтып, сондай-ақ оны ұлттық киіммен немесе өрнектермен үйлестіре білді. Ертеде өмір сүрген адамдар да әйел бейнесін лайдан жасап күйдірді, демек әйел бейнесі ол біздің тарихымыздан бастау алғанын көруге болады.

Оқытушы студенттерге <https://aspangallery.com/ru/artists/menlibayeva> сайттан Алмагүл Меңлібаеваның фотоарт және бейнеарт туындыларымен таныстырып өтті. Онда «Курчатов 22» бейнеарт туралы былай жазылған: бес арналы «Курчатов 22» бейнебаянында Меңлібаева көрермендерді сол кезде сериялық нөмірі «22» деп белгіленген кеңестік дәуірдегі құпия Курчатов қаласына апарады. «Терминал бекеті» ретінде белгілі, 18000 шаршы шақырым аумақ ядролық сынақтар жүргізетін зертхана қызметін атқарды. Кеңес Одағы кезінде Курчатов аумағында 450-ден астам ядролық жарылыс жасалды [18].

Өзінің бейнебаянында суретші деректі фильм мен сахналық бейнелерді біріктірді. Бейнежазбада нақты және тарихи деректер әлі күнге дейін Курчатов ауданында тұрып жатқан ядролық сынақ куәгерлерімен сұхбаттар, қаңырап қалған ғимараттардың алдында жүгірген әртістердің поэтикалық көріністері, дастарханның бетіне салынған жарылыс суреттері бар, домалап жатқан үстелдер болды.

Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылық жұмыстары қазіргі таңда өзекті мәселерлерді қозғайды. Ол өзекті мәселелер – біздің жан-жағымыздағы және айналамыздағы күнде көзбен көретін ауқымды мәселелер. Солардың бірі қазақ халқының денсаулығына және ұрпағына нұқсан келтіріп жатқан Курчатов қаласындағы ядролық жарылыстар тақырыбы (1-сурет). Бұл ядролық қару нағыз жойғыш күш болып табылады және жер бетінен барлық нысандар мен адамдарды жоятын күш. Ал осындай жойқын күшке қазақтың қайсар қызы Алмагүл Меңлібаева көрмелерді өз туындыларымен жаулап алды. Осындай жұмыстармен ол адамзатқа ауыр сынақтар мен эксперименттер керек емес екенін дәлел ретінде көрсеткісі келді. Ядролық жарылыстар бір жағынан ғылымның дамуы болса, екінші жағынан адамзаттың қас жауы болды. Оқытушы әр суретшінің туындыларын егжей-тегжейлі идеясын түсіндірген соң, студенттерден қайтадан 11 сұрақтан құрастырылған сауалнама алады. Студенттер сауалнамаға бір сабақтың үстінде жауап берді. Сауалнаманың барлық сұрақтарына түгел жауап жазылды, сонымен қоса, студенттердің көбі толық және нақты жауап бере алды. Сауалнамаға жақсы жауап беріп, жоғары көрсеткішке ие болды.



1-сурет – Алмагүл Меңлібаева «Курчатов 22», 2012 ж.

Дыбысы бар бес арналы бейне. Ұзақтығы: 29:00 мин.

Үшінші кезеңде зерттеу нәтижесінде 1-кесте көрсеткішінде соңғы бағанда студенттердің төменгі көрсеткіші жоғарылады. Студенттердің көрсеткіштері пайызбен көрсетіліп, кестеде берілді.

110 студенттің сауалнама бойынша алғашқы көрсеткіші заманауи бейнелеу өнерінің композициялық шешімі бойынша 72%, түстік шешімі бойынша 60%, идеяны ашу бойынша 75%, орындау шеберлігі бойынша 70% төмен жауап берді. Соңғы көрсеткіші композициялық шешім бойынша 75%, түстік шешімі бойынша 73%, идеяны ашу бойынша 65%, орындау шеберлігі бойынша 68% өсті. Демек, оқытушы студенттерге заманауи бейнелеу өнерін түсінуіне дұрыс ықпал жасады. Студенттерді қызықтыра алды және біршама осындай өнер бағытының бар екеніне көздері жетті. Эксперимент басында студенттер сабақта тек

кескіндеме, графика, сәндік қолданбалы өнері және батик секілді бейнелеу өнері түрлерін ғана білді. Ал эксперимент біткенде заманауи бейнелеу өнерінің түрлері туралы еркін ойларын айтып, терең түсініктері қалыптасты. Осы секілді заманауи бейнелеу өнерімен айналысатын суретшілердің туындыларын талдау үшін болашақ мұғалімге, кез келген авторға тілге бейімділік, мол сөздік қор, ерекше көзқарас, жаңашыл идеялар қажет. Өнердің міндеті – адам бейнесін жандандыру. Өнер бір нәрсені түсіндіру үшін емес, адамды таң қалдыру, белсендіру үшін қажет [19, 8-б.].

1-кесте – Студенттердің көрсеткіші

	Көркемдік өлшемдер	Алғашқы көрсеткіш			Соңғы көрсеткіш		
		төмен	орта	жоғары	төмен	орта	жоғары
1	Композициялық шешім	72%	20%	8 %	10%	15%	75%
2	Түстік шешімі	60%	25%	15%	9%	18%	73%
3	Идеяны ашу	75%	21%	4%	13%	22%	65%
4	Орындау шеберлігі	70%	18%	12%	15%	17%	68%

Екіншіден, оқытушы студенттерге университет ішіндегі оқу құралы мен жинақтарды таныстырып өтті және оларға университеттен тыс кітапханалардан бейнелеу өнері кітаптары мен альбомдарын көруге тапсырма берді. Студенттер «Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасынан», «А.С. Пушкин атындағы қалалық әмбебап кітапханасынан» қосымша заманауи бейнелеу өнері туралы жинақтары мен оқу құралдарындағы шығармашылық жұмыстарды қарастырды.

Үшіншіден, оқытушы студенттермен бірге заманауи бейнелеу өнері бағытында инсталляциялар жасап, «Рухани жаңғыру» атты көрме ұйымдастырды. Көрме арқылы студенттерде қызығушылық артты, өнерге деген ынтасы мен шығармашылық ізденісі жоғарылады. Оны студенттердің интернет желісінен, бейнелеу өнері альбомдары мен жинақтардан жасалған ізденіс жұмыстарынан байқалды. Әр студент өзінің шығармашылық жұмысына әртүрлі материалдар іздеді. Инсталляцияға «Ана мен бала», «Жанұя», «Жануарлар», «Экология» атты тақырыптарын таңдады. Бұлар қазіргі таңда өзекті тақырыптар болып келеді. Студент «А» «Ана мен бала» тақырыбында «Балалар үйінде» тастанды балалардың көбейіп жатқанын айтты. Студент «Б» «Жанұя» тақырыбында соңғы кезде ажырасып жатқан жанұялардың көбейгенін мәлімдеді. Студент «С» «Жануарлар» тақырыбы бойынша жануарлардың жазықсыз өлтіріліп жатқанын айтты. Студент «Д» «Экология» тақырыбында жасыл ағаштардың кесіліп жатқандығы, зауыттардың көбейіп және экологияның нашарлауы туралы айтты. Студенттер заманауи бейнелеу өнеріндегі инсталляцияларды жасауда көбінесе сымды, ПВХ-ны, пластелинді, шегелер мен жіпті, түрлі-түсті қағазды және түрлі бояуларды қолданды. Яғни студенттердің түрлі материалдарды қолданудағы ізденісті көріп, олардың қызығушылығы оянғанын көруге болады. Университет ішінде ұйымдастырылған «Рухани жаңғыру» көрмесіне басқа да оқытушылар мен студенттер қызығушылық білдірді.

Эксперименттің бірінші кезеңінде оқытушы педагогикалық мамандықта оқитын 110 студентке ғана заманауи бейнелеу өнерімен айналысатын суретші Молдақұл Нарымбетовтың инсталляциясы «Скарабей қоңызы», Сәуле Сүлейменованың фотоарт «Желтоқсан. Қазақ жастарының көтерілуі. Желтоқсан 1986 жыл» және Алмагүл Меңлібаеваның бейнеарты «Құрбан, 2009» деген туындыларын көрсетті.

Студенттердің дені нақты жауап берген жоқ.

Эксперименттің екінші кезеңінде студенттерге бұл тақырыпты игеруіне көмектесу үшін бірнеше әдістер жасалды:

- Мұражайға және көрмелерге қатысу: студенттер заманауи бейнелеу өнері туралы жергілікті мұражайлардағы көрмелерге қатысты, көрмеде суретшілердің ойы мен шығармашылығының ерекшелігі туралы түсіндірілді.

- Әдебиеттерді оқу: сабақ үстінде студенттерге заманауи бейнелеу өнеріне арналған кітаптар, мақалалар және жинақтар таныстырылды. Бұл жергілікті немесе шет елдік суретшілердің жұмыстарынан құралды.

- Онлайн-курстар және дәрістер: қазіргі уақытта заманауи бейнелеу өнерінің курсын ұсынатын көптеген онлайн-курстар бар. Студенттерге Coursera, edX платформалары беріліп, бейнелеу өнері туралы курс оқылды.

- Шеберлік сыныптарына қатысу: студенттер практикалық сабақтарға қатысу арқылы өнер туындыларын қалыптастыру үдерісін және оның материалмен өзара әрекеттесуді түсінуге көмектесті.

- Суретшілермен және көрме жетекшілерімен сұқбаттасу: заманауи бейнелеу өнерімен жұмыс жасайтын адамдармен өзара әрекеттесу арқылы олардың көзқарасы туралы түсінік берілді.

- Әртүрлі бағыттарды зерттеу: сабақта студенттерді заманауи өнердің әртүрлі бағыттары және ағындары арқылы тұжырымдамалық өнер, поп-арт, инсталляция, цифрлық өнер түрлерімен таныстырылды.

Сыни талдауды және ойлануды үйрену: студенттер өнер туындылары туралы өзіндік пікір қалыптастыруды үйренді. Бұл заманауи өнер туралы түсінікті қабылдауды жақсартты.

Осы әдістерді қолданғаннан кейін эксперименттің үшінші кезеңінде студенттерге жоғарыда айтылған «Скарабей қоңызы», «Желтоқсан. Қазақ жастарының көтерілуі. Желтоқсан 1986 жыл», «Құрбан, 2009» заманауи бейнелеу өнері туындылары көрсетілді. Бұл кезеңде студенттер өз ойын ашық және жоғары деңгейде жеткізді.

Жалпы өнерді қабылдау бұл жеке субъективті үдеріс, сондықтан да студенттер жаңа идеялар мен пікірлерге ашық болуы керек. Сонымен қатар заманауи бейнелеу өнерінің туындыларын талдау болашақ мұғалімдерге жақсы ой, жоғары кәсіби даярлықты қалыптастырды.

Қорытынды

Зерттеу жүргізу барысында болашақ мұғалімдер бойында көркемдік талдау саласында заманауи бейнелеу өнеріндегі инсталляция, фотоарт және бейнеарт өнер бағыттарын жоғары кәсіби өнертанымдық дайындық дағдылары пайда болды. Болашақ мұғалімдер тек дәстүрлі бейнелеу өнер туындыларын талдаумен шектелмей, қазіргі заманауи өнер түрлерінің пайда болғанын, олардың жаңа технологиямен үйлесе отырып дамып жатқанын, қай бағытта және қандай мәселелерді қозғап жатқанын түсінді. Зерттеуден кейін студенттер ойын ашық және еркін жеткізетін болды. Студенттер өздерінің жасаған инсталляцияларын жасаудың оңай және жаңашыл жолын ұсына бастады. Заманауи өнердің туындыларына байланысты тақырыптар мен қозғайтын мәселелердің сан алуан түрлерінің шешімдерін айтты. Эксперименттен соң инсталляция, фотоарт және бейнеарт өнер бағыттарын ажырата және салыстыра білді. Болашақ маман иелері заманауи бейнелеу өнері туындыларын инсталляция ретінде жасап үйренді және оларға материал, пішін, өлшем жағынан және презентацияда қозғалатын мәселе жағынан ешқандай шектеу қойылған жоқ. Оқытушы студенттерге толық еркіндік берді. Ал көрме жасау арқылы студенттердің қызығушылығы одан әрі артты. Бұл олардың заманауи өнерінің сан алуан бағытта дамып жатқанына көзі жетіп, өнердің қыр-сырын терең түсінуге мүмкіндік берді. Осындай зерттеу арқылы оқытушы студенттерге

өнердің жаңа бағытын және жаңа шығармашылық идеяларды беруге тырысты. Ал болашақ маман иелері кез келген материалдан жаңа бұйымды ойлап тауып, жасауды дағдыланды.

Жалпы зерттеудің басты мақсаты – жұмыстарды әшекейлеу емес, студенттердің ойын осы жұмыстар арқылы еркін жеткізу және оларға заманауи өнердегі жаңа бағыт арқылы шығармашылық ізденіске шақыру. Өйткені өнер ғылым секілді бір қалыпта тұрмайды, ол уақыт өткен сайын тағы күрделене түседі. Заманауи өнерді түсіну арқылы болашақ мұғалім әлемге басқа бұрыштан қарай алады. Өнер – бұл әлемді және оның қыр-сырын қабылдау тәсілі. Болашақ мұғалім заманауи суретшілердің жұмыстарын қабылдау үшін кең ойлап, талдай біліп және байқағыш болуы керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Еспенова А., Мусабекова Л. Дәстүрлер мен инновациялар бейнелеу өнеріндегі шығармашылықтың қайнар көзі ретінде // Central Asian Journal of Art Studies. – 2024. – Т. 9, №3. – Б. 194–215. <https://doi.org/10.47940/cajas.v9i3.805>.
2. Околович М.Г., Гулевич-Линькова О.В. Маркеры современного искусства // Индустрии впечатлений. Технологии социокультурных исследований. – 2023. – №2(3). – С. 144–161. [https://doi.org/10.34680/EISCRT-2023-2\(3\)-144-161](https://doi.org/10.34680/EISCRT-2023-2(3)-144-161)
3. Ку К. Распад. Суть современного искусства / пер. с англ. Г.А. Диановой. – Москва; Берлин: Директмедиа, Паблишинг, 2019. – 131 с.
4. Нұрке М. Ноосфералық білім беруде визуалды өнер құралдарын қолданудың тиімділігі: қабылдау мативациясын анықтау мысалы // Педагогика и психология. – 2021. – №3(48). – Б. 130–141. <https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.15>
5. Сманова Ғ.Л., Сманов І.С., Байғұтова Д.Н. Бейнелеу өнерінің тәрбиелік мәні // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1 (135). – Б. 371–380. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.171>
6. Пол К. Цифровое искусство. – М.: Ад Маргинем Пресс, 2017. – 272 с.
7. Лунга И., Жангужинова М. Обзор внедрения цифровых образовательных технологий в объекты культуры Казахстана // Central Asian Journal of Art Studies. – 2023. – Т. 8, №2. – С. 98–120. <https://doi.org/10.47940/cajas.v9i2.633>
8. Потапов Д.В. О социальной сущности современного искусства // Теория и практика общественного развития. – 2011. – №1. – С. 57–59.
9. Сотникова Н.В., Журавлева А.О. Современное искусство и его значение для культуры и образования молодежи в современной социокультурной реальности // Молодой исследователь Дона. – 2021. – №5(32). – 149–153.
10. Ан К., Черazi Д. Кто боится современного искусства? Путеводитель по миру современного искусства от А до Я. – М.: Ад Маргинем Пресс, 2018. – 136 с.
11. Умралиева Л.М., Сабырова А.Қ. Виртуалды мұражай әдісін колөнер бұйымдары мен шығармашылық жұмыстарды талдау үдерісінде қолдану // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1 (127). – Б. 351–363. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.29>
12. Жумагулова М. Зар болды халкым: о чём говорят работы Сауле Сулейменовой | Art of Her [Электронный ресурс]. URL: Зар болды халкым: о чём говорят работы Сауле Сулейменовой | Art of Her (қаралған күні 22.10.2024)
13. Зайцев А.С. Наука о цвете и живопись. – М.: Искусство, 1986. – 147 с.
14. Слудский В., Абенова Р. Сон Аруаха. [Электронный ресурс]. URL: <https://cultura.kz/2017-moldakul-astana> (дата обращения 25.10.2024)
15. Гетманенко А.О. К проблеме дигитализации современного искусства // Вестник Московского государственного лингвистического университета. Гуманитарные науки. – 2023. – Вып. 8 (876). – С. 144–149. https://doi.org/10.52070/2542-2197_2023_8_876_144

16. Леванова Е.Ф. Современное искусство и его многомерность // Вестник Томского государственного университета. Культурология и искусствоведение. – 2014. – №3 (15). – С. 14–19.
17. Топорков А.К. Технический быт и современное искусство. – М.: Рипол Классик, 2013. – 264 с.
18. От пен судың одағы Рашад Алекперов пен Алмагүл Меңлібаева. [Электронды ресурс]. URL: anl.az/down/meqale/exo/2015/fevral/423002.htm (қаралған күні 31.10.2024)
19. Аспан галерея Сайты. [Электронды ресурс]. URL: <https://aspangallery.com/ru/artists/menlibayeva> (қаралған күні 31.10.2024)

REFERENCES

1. Espenova A., Musabekova L. Dasturlar men innovaciolar beineleu onerindegi shygarmashylyqtyn qainar kozi retinde [Traditions and innovations as a source of creativity in the visual arts] // Central Asian Journal of Art Studies. – 2024. – T. 9, №3. – B. 194–215. <https://doi.org/10.47940/cajas.v9i3.805>. [in Kazakh]
2. Okolovich M.G., Gulevich-Linkova O.V. Markery sovremennogo iskusstva [Markers of contemporary art] // Industarii vpechatleni. Tehnologii sociokulturnykh issledovani. – 2023. – №2(3). – S. 144–161. [https://doi.org/10.34680/EISCRT-2023-2\(3\)-144-161](https://doi.org/10.34680/EISCRT-2023-2(3)-144-161) [in Russian]
3. Ku K. Raspad. Sut sovremennogo iskusstva [The essence of modern art] / per. s angl. G.A. Dianovoi. – Moskva; Berlin: Direktmedia, Publishing, 2019. – 131 s. [in Russian]
4. Nurke M. Noosferalyq bilim berude vizualdy oner quraldaryn qoldanudyn tiimdiligi: qabyldau mativaciiasyn anyqtau mysaly [The effectiveness of the use of visual art tools in noospheric education: an example of determining the mativiation of perception] // Pedagogika i psihologiya. – 2021. – №3(48). – B. 130–141. <https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.15> [in Kazakh]
5. Smanova G.L., Smanov I.S., Baigutova D.N. Beineleu onerinin tarbielik mani [Educational value of Fine Art] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №1 (135). – B. 371–380. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.171> [in Kazakh]
6. Pol K. Cifrovoe iskusstvo [Digital Art]. – М.: Ad Marginem Press, 2017. – 272 s. [in Russian]
7. Lunga I., Zhanguzhinova M. Obzor vnedrenia cifrovyyh obrazovatelnykh tehnologi v obiekty kultury Kazahstana [Overview of the introduction of digital educational technologies in cultural facilities of Kazakhstan] // Central Asian Journal of Art Studies. – 2023. – T. 8, №2. – S. 98–120. <https://doi.org/10.47940/cajas.v9i2.633> [in Russian]
8. Potapov D.V. O socialnoi sushnosti sovremennogo iskusstva [About the social essence of modern art] // Teoria i praktika obshchestvennogo razvitiya. – 2011. – №1. – S. 57–59. [in Russian]
9. Sotnikova N.V., Zhuravleva A.O. Sovremennoe iskusstvo i ego znachenie dlia kultury i obrazovaniya molodezhi v sovremennoi sociokulturnoi realnosti [Contemporary art and its significance for the culture and education of youth in the modern socio-cultural reality] // Molodoi issledovatel Dona. – 2021. – №5(32). – 149–153. [in Russian]
10. An K., Cherazi D. Kto boitsia sovremennogo iskusstva? Putevoditel po miru sovremennogo iskusstva ot A do Ia [Who is afraid of modern art? A guide to the world of contemporary art from A to Z]. – М.: Ad Marginem Press, 2018. – 136 s. [in Russian]
11. Umralieva L.M., Sabyrova A.K. Virtualdy murazhai adisin qoloner buiymdary men shygarmashylyq zhumystardy taldaу uderisinde qoldanu [Application of the virtual museum method in the process of analyzing handicrafts and creative works] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №1 (127). – B. 351–363. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.29> [in Kazakh]
12. Zhmagulova M. Zar boldy halkym: o chiom govoriat raboty Saule Suleimenovoi | Art of Her [Zar boldy halkim: what Saule Suleimenova's work says]. [Electronic resource]. URL: Zar boldy halkym: o chjom govoriat raboty Saule Sulejmenovoj | Art of Her (date of access 22.10.2024) [in Russian]
13. Zaicev A.S. Nauka o cvete i zhivopis [The science of color and painting]. – М.: Iskusstvo, 1986. – 147 s. [in Russian]
14. Sludski V., Abenova R. Son Aruaha [Aruah's Dream]. [Electronic resource]. URL: <https://cultura.kz/2017-moldakul-astana> (date of access 25.10.2024) [in Russian]

15. Getmanenko A.O. K probleme digitalizacii sovremennogo iskusstva [Towards the problem of digitalization of contemporary art] // Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Gumanitarnye nauki. – 2023. – Vyp. 8 (876). – S. 144–149. https://doi.org/10.52070/2542-2197_2023_8_876_144 [in Russian]
16. Levanova E.F. Sovremennoe iskusstvo i ego mnogomernost [Modern art and its multidimensionality] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Kulturologia i iskusstvovedenie. – 2014. – №3 (15). – S. 14–19. [in Russian]
17. Toporkov A.K. Tehnicheski byt i sovremennoe iskusstvo [Technical life and modern art]. – M.: Ripol Klassik, 2013. – 264 s. [in Russian]
18. Ot pen sudyn odagy Rashad Alekperov pen Almagul Menlibaeva [The Union of fire and water Rashad Alekperov and Almagul Menlibayeva]. [Electronic resource]. URL: anl.az/down/meqale/exo/2015/fevral/423002.htm (date of access 31.10.2024) [in Kazakh]
19. Aspan galereia Caity [Site "Sky Gallery"]. [Electronic resource]. URL: <https://aspangallery.com/ru/artists/menlibayeva> (date of access 31.10.2024)